– основатель алгебры; Ахмед Марвази (IX-X в. н.э.) – интегратор, основатель тангенса, катангенса в математику; Омар Хаям (1047-1131 гг. до н.э.) – автор решения уравнений двух, трех степеней и др. В данной статье рассматриваются некоторые вопросы и примеры решения прямых и обратных задач геометрических построений в трактате Аль-Фараби, о способах решения задач геометрического построения в единой связи с теорией чисел, о том, что арифметические действия (сложение, вычитание, умножение, деление), выполняемые и решаемые натуральными числами, можно также выполнить геометрическим путем, т.е. с помощью циркуля и линейки.

Ключевые слова: рациональные числа, иррациональные числа, прямые и обратные задачи, геометрические задачи на построение.

¹I.Muldekov, ²M.Abdirassilov, ³A.Kuzdeubayev

¹M.H. Dulati Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan), Doctor of Technical Sciences, Professor, e-mail: ospankulylu@mail.ru

²M.H. Dulati Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan), Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, e-mail: mr.abdimedetbek@mail.ru

³M.H. Dulati Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan), Master of Pedagogical Sciences, e-mail: aidar_kuzdeubayev@mail.ru

THE WAYS TO SOLVE PROBLEMS OF GEOMETRIC CONSTRUCTION IN THE MATHEMATICAL TREATISE OF AL-FARABI

Abstract

When the development of science in the Christian world (VI century) began to recede, the scientists of the Arab Caliphate made a huge contribution to the further development and prosperity of world culture and science in the Middle (IX-XV century) centuries. Among them were: Muhammad Al-Khwarizmi (780-850 c.) - the founder of algebra; Ahmed Marwazi (IX-X century of AD) - the integrator, the founder of tangent, katangens in mathematics; Omar Khayyam (1047-1131 BC) - the author of the solution of equations of two, three degrees, etc. This article discusses some questions and examples of solving direct and inverse problems of geometric constructions in the treatise of Al-Farabi, about ways to solve problems of geometric construction in a single connection with the theory of numbers, that arithmetic operations (addition, subtraction, multiplication, division), performed and solved by natural numbers, can also be performed geometrically, i.e. with a compass and ruler.

Keywords: rational numbers, irrational numbers, direct and inverse problems, geometric construction problems.

Кіріспе. Бүгінгі таңда, бәсекелестік үстемдігі қалыптасқан жағдайда, рухани жаңғыруды жеделдетеміз десек, онда Қазақстанның ЖОО-да даярланатын жас мамандардың білім сапасын халықаралық деңгейге көтеруіміз қажет.

Кредиттік білім беру жүйесі білім алушының өзіндік жұмыс сағатының көлемін 2–3 есеге арттыруға негізделген. Сондықтан, ғылыми қолданбалы пәндердің мазмұны мен оқытылу әдістемесі жетілдіруді қажет етеді.

Білім алушының жеке оқу даярлығын жеңілдетіп, білім деңгейін жетілдіру мақсатында геометриялық салу есептерінің сандар теориясымен (алгебрамен) байланыстылығы көрсетілген.

Сандар теориясында, натурал бүтін (1,2,3,..., n, n+1,...) Сандардың ішінде бірге және тек қана өзіне бөлінетін сандарды жай сандар деп атайды.

Нөлден жиырмаға дейінгі аралықтағы жай сандар: 1,2,3,5,7,11,13,17,19. Математикада күні бүгінге дейін жай сандардың орналасуы, аралық тығыздығы, т.б. заңдылықтар толық анықталған

жоқ, белгілісі жай сандар аумағы натурал бүтін сандар аумағына кіретіні және олардың шексіз көп екендігі (Евклид теоремасы) ғана.

Негізгі бөлім. Сандарды рационал («арабшасы ал-мантикат» орысшасы – «говорящие», қаз – «сөйлейтін, мен-мен дейтін») $a, b, c, \dots, a/b, \dots, (ba+c)d, \dots, p/q, \dots$) және иррационал ($\sqrt{a}, \sqrt{a+b}, \dots$; «ас-сами», «немые глухие» «меніреу») сандар жүйесі (аумағы, тізбегі, өрісі, жиыны) деп атайды.

Математикада, дәлелденген, нақты (счетное – саналмалы) сандар жүйесіне кіретін, төмендегідей теңдеудің ($n > 1, a_n \neq 0$ болғанда);


$$a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0 = 0 \quad (1)$$
 түбірі (шешуі) болып келетін сандарды алгебралық сандар деп атайды.

Тағы да нақты сандардың «кеңейтілген» жүйесіне кіретін ($a \pm ib$, яғни a – нақты сан, ib – жорамал сан, $i = \sqrt{-1}$) комплекс сандарды атап өту қажет. Бұлардан басқа a^β түрінде берілетін сандар трансцендентті («зийада», «превосходящее», иррационал саннан да асып түсетін «мылқау») сандар деп аталады (бұл жерде α – алгебралық, ал β – иррационал сандар).

Неге арифметика, яғни сандар теориясы туралы сөз қозғалды және оның геометриялық салу есептеріне қандай қатысы бар деген сұрақтарға жауапты біз белгілі әдебиеттен табамыз, онда (орысшасын келтірейік):

«Введение числового континуума дает возможность сопоставить каждому отрезку прямой в качестве его «длины» некоторое определенное действительное число Не только длина, но и всякий вообще геометрический объект, всякая геометрическая операция могут найти свое место в царстве чисел [2, 99 б.]. «...число есть конечная или бесконечная десятичная дробь. Те бесконечные десятичные дроби, которые не представляют рационального числа, называются иррациональными числами развитие аналитической геометрии и дифференциального и интегрального исчисления, твердо базировались именно на таком представлении о системе чисел» [2, 89 б.].

Шынында да, түзу сызық нүктелерін нақты сандар жиынымен біртекті етіп сәйкестіре аламыз. Ол үшін түзу сызықтың бір O нүктесін бастапқы нүкте етіп алу қажет. Енді кез келген кесіндіні бірлік (масштаб) өлшемі етіп алуға болады (Сур. 1 а). Түзу сызықтың бойына O нүктесінен масштаб кесінділерін салу арқылы кез келген санның (оң, теріс) мәніне сәйкес келетін нүктені табуға болады.



Сурет 1

Сонан соң, натурал сандармен орындалатын арифметикалық амалдарды (қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді) геометриялық жолмен, циркуль мен сызғыштың көмегі арқылы орындауға болады.

Нәтижелер мен талқылау. Арифметикалық заңдылықтарға қатысты:

$(-1) \cdot (-1) = 1$; $(-1) \cdot 1 = -1$ тең болып шығады. Жалпы квадрат түбірінің алдына оң, теріс ($\pm\sqrt{a}$) таңбалары қойылады. Төменгі квадрат теңдеуін шешкенде шығатын $x^2 + 1 = 0$, $x^2 = -1$, $x_{1,2} = \pm\sqrt{-1}$ санды жорамал сан деп атайды. Жорамал санды і әріпімен белгілеу қабылданған.

Табиғатта жоқтан бар пайда болмайды. Осыған сай математикада нөлді санға (керісінше де) көбейтуге де, бөлуге де болмайды, яғни:

$$0 \cdot 2 = 2 \cdot 0 = 0; \quad 0 \cdot \frac{1}{2} = \frac{1}{2} \cdot 0 = 0.$$

Санды (мәні нөлге жуық) санға бөлгенде нәтижесі шексіз үлкен сан болып шығатыны – күмәнсіз жағдайда, ондай бөлшектің мәні шартты түрде (∞) шексіздікке тең деп алынады, яғни: $\frac{a}{0} = \infty$.

Нөл мен бірдің $[0,1]$ интервалында шексіз сандар жүйесі бар екені мамандарға мәлім. Мысал ретінде төменгі геометриялық прогрессияның теңдеулерін қарастырайық:

$$\frac{9}{10} + \frac{9}{10^2} + \dots + \frac{9}{10^n} + \dots = \frac{9}{10} \cdot \frac{1}{1 - \frac{1}{10}} = 1$$

немесе

$$a \left(1 + \frac{1}{2} + \frac{1}{2^2} + \dots + \frac{1}{2^n} + \dots \right) = a \cdot \left(1 \cdot \frac{1}{1 - \frac{1}{2}} \right) = 2a \quad (2)$$

екінші теңдеудің жақша ішіндегі бөлшек сандардың қосындысы бірге тең, демек:

$$\left(\frac{1}{2} + \frac{1}{2^2} + \dots + \frac{1}{2^n} + \dots \right) = \left(\frac{1}{2} \cdot \frac{1}{1 - \frac{1}{2}} \right) = 1, \quad (3)$$

2 сонда, (3) теңдеудің бірінші мүшесі $[0,1]$ интервалды екіге; екінші мүшесі – төртке; үшінші мүшесі – сегізге бөледі; ары қарай бөліктер еселеніп ұсақтала береді (Сур. 1 а).

Бұдан шығатын қорытынды, радикал түбірінен шығатын немесе шықпайтын кез келген (1) алгебралық (иррационал) және басқа да (трансцендентті) санның жуық мәнін геометриялық тұрғызулар арқылы анықтауға болады.

Әл-Фараби трактатында геометриялық тұрғызулардың тура және кері есептері қарастырылған.

Тура есеп. Қабырғалары берілген АВ кесіндісіне тең болатын дұрыс жетібұрышты тұрғызу (Сур. 1 а).

Есепті шешу үшін, АВ кесіндісі екі еселенеді, яғни $AE = 2AB$. Енді қабырғалары АЕ-ге тең АЕF үшбұрышы тұрғызылады. Осы (АЕF) үшбұрышқа сырттай сызылған (e') шеңбер жүргізіліп, оның бойына AS хордасы АВ-ға тең етіп тұрғызылады, $S \in e' \wedge AS = AB$. Осы (AS) хорданың ортасынан, яғни Р нүктесінен өтетін (e') шеңбердің диаметрі жүргізіліп Т нүктесі тұрғызылады, $T \in e' \wedge O'T = R$.

Енді, берілген АВ кесіндісінің ортасынан, яғни К нүктесінен өтетін ізденілген (e) шеңбердің диаметрі жүргізіліп L нүктесі тұрғызылады, $L \in e$,

$KL = PT$, $DL = R$. Бұдан кейін AN қабырғасы тұрғызылып, оның (хорданың) ортасынан өтетін диаметр арқылы D нүктесі тұрғызылады. BD, LN аралықтарын екіге бөлу арқылы дұрыс жетібұрыштың соңғы С, М нүктелері тұрғызылады. Есеп шықты.

Кері есеп. Берілген шеңберді теңдей жеті бөлікке бөлу (Сур. 1 б).

Есепті шығару үшін жоғарыда келтірілген (2), (3) геометриялық прогрессия негізінде шеңбердің 60^0 градустық АЕ доғасын шегіне жеткізе ұсақтап доға мен хорданың ұзындықтарының жуық мәндерін жеткілікті дәлдікпен анықтай (тұрғыза) аламыз. Шынымен де, төменгі теңдеуден

$$\frac{60^0}{2} + \frac{60^0}{2^2} + \frac{60^0}{2^3} + \frac{60^0}{2^4} + \frac{60^0}{2^5} + \frac{60^0}{2^6} + \dots$$

мынадай сандар шығады:

$$30^0 + 15^0 + 7,5^0 + 3,75^0 + \dots$$

Сонда іздеген В нүктесі үшінші интервалдан анықталады:

$$\varphi'_7 = 30^0 + 15^0 + 7,5^0 - 0,938^0 - 0,117^0 = 51,445^0$$

Нақты $\varphi_7 = \frac{360^0}{7} = 51,429$ бұрыштан айырымы $\Delta\delta = \varphi'_7 - \varphi_7 = 0,016^0$. Демек нүкте жеткілікті дәлдікпен тұрғызылған. Ары қарай, қалған нүктелер жоғарыда келтірілген реттілікпен тұрғызылады.

Әл-Фараби жетібұрыштың қабырғасының ұзындығын $0,8660 \cdot R$ -ге тең етіп алған, ал оның нақтылау өлшемі $0,8677 \cdot R$ -ге тең (R – дұрыс жетібұрышты сырттай сызылған шеңбердің радиусы).

Қорытынды. Ерте ғасырлық грек математиктерінің жетістіктерін, орта ғасырларда ислам (Араб, Орат Азия, т.б. мемлекеттерінің) ғалымдары ары қарай дамытып, зор жетістіктерге жеткен. Бұл туралы еуропалықтардың өздері былай деп мойындайды: «Этот труд (Птоломейдің «Математическое построение» деген еңбегі туралы) сыграл исключительную роль в развитии тригонометрии в странах ислама, прерабатывался многими учеными средневекового Востока, в том числе аль – Фергани (IX в.) «Сабитол ибн Коррой (836-901)», ал – Баттани (850-929), Абу-л- Вафой (940-998), ал-Бируни (973-1050), Насир ад-Дином, ат-Туси (1201-1274) и др. Аль-Фараби был одним из первых комментаторов «Алмагеста» [1, 79 б.]. Бұл тізімге еңбей қалғандары қаншама: Мухаммед Әл-Хорезми (780-850) – алгебраның негізін қалаушы; Ахмед Марвази (IX-X ғ.) тангенс, катангенсті математикаға енгізуші; Омар Хаям (1047-1131) – екі, үш дәрежелі теңдеулердің шешуін тапқан және т.б.

Қазіргі заманда мұсылман ғалымдарының сол кездегі ғылыми жетістіктері баршаға мәлім. Олардың жетістіктерін белгілі батыс ғалымы, профессор Жак Рислер – «Қайта өрлеу дәуірінің математика мұғалімдері – мұсылмандар» деп, ал француз ғалымы, профессор Э.Ф. Гаутье – «Европа мәдениеті мұсылман ғалымдарының жетістіктерінің арқасында тек алгебрамен ғана емес, сонымен қатар математиканың басқа тарауларымен байи түсті, шындығында кәзіргі батыстың математикалық ғылымы ислам математикасының жалғасынан басқа ештеңе де емес» деп мойындайды [3].

Жоғарыда келтірілген тұрғызулар, сандар теориясы мен геометриялық салу есептерінің тығыз байланыстығын көрсетеді. Демек, әл-Фарби трактатында келтірілген геометриялық тұрғызулар, сандар теориясын жоғарғы сатыға көтеріп дамытқан ислам математиктері екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. Аль-Фараби. *Математические трактаты*. Изд-во «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1972. – 325 с.
2. Курант Р., Роббинс Г. *Что такое математика*. Изд-во «Просвещение». – М., 1987. – 559 с.
3. Мұльдеков И.О., Мөлдеков О.Г. *Геометриялық салу есептерінің шығару жолдары*. ТарМПУ, Тараз. – 52 б.

References:

1. Al-Farabi. *Matematicheskie traktaty*. Izd-vo «Nauka» Kazakhskoj SSR. - Alma-Ata, 1972 - 325 s.
2. Kurant R., Robbins G. *Chto takoe matematika*. Izd-vo «Prosveshhenie». – M., 1987. - 559 s.
3. Muldekov I.O., Moldekov O.G. *Geometriyalyq salu esepтерinin shygaru joldary*. TarMPU, Taraz, 52 b.

ӘОЖ: 378.147 – 7.05

ҒТАМР: 14.35.01

М.Б. Джанаев¹, Х.Хуандых²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, Қауымдастырылған профессор. Алматы, Қазақстан,
e-mail: miyat53@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы, Қазақстан.
«7М01416 Көркем білім, графика және жобалау» мамандығының 2 курс магистранты.
e-mail: bek_mgl_0125@mail.ru

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада жалпы орта мектептің көркем еңбек сабағы арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері талданып көрсетіледі. Осы мақсатта педагогикалық инновациялық оқыту технологияларын кіріктіріп оқыту мәселелері қарастырылған. Сондайақ, көркем еңбек сабағын оқытудың инновациялық жаңа технологияларының ішінде интербелсенді оқыту әдістерінің түрлерін қолдану жолдары көрсетілген. Оқытуда аталған жаңа оқыту технологияларының көркем еңбек пәнінде алатын орны мен маңызын ашып, оларға талдаулар жасалып оның маңызы анықтаған. Сонымен қатар автор жалпы орта мектептерде көркем еңбек пәнін оқытуда шығармашылыққа баулудың тиімді әдіс-тәсілдерін, жолдарын, тиімді оқыту жүйелерін анықтап көрсеткен. Пәннің басқа да пәндермен интеграциялық тығыз пәнаралық байланысының маңызын нұсқап, олардың бүгінде қажеттілігін анықтап қарастырған.

Көркем еңбек сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруда жүзеге асуы тиіс баланың жеке басының барлық мүмкіндіктерін әртүрлілікте дамыту жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: көркем еңбек, бастауыш сынып, интербелсенді әдістеме, оқыту технологиялары, инновация, әдістер, тәсілдер, шығармашылық, шығармашылық сурет.

¹ Джанаев М.Б., ²Хуандых Х.

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор. Алматы, Казахстан,
e-mail: miyat53@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Алматы, Казахстан.
Магистрант 2 курса специальности 7М01416-Художественное образование,
графика и проектирование". e-mail: bek_mgl_0125@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ УРОК ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Аннотация

В статье анализируются проблемы формирования творческой деятельности младших школьников через урок художественного труда средней школы в целом. С этой целью рассмотрены вопросы интегрированного обучения педагогическим инновационным технологиям обучения. Также, среди инновационных новых технологий преподавания уроков

художественного труда выделены способы применения видов интерактивных методов обучения. В обучении выявлены новые технологии обучения, которые раскрывают их место и значение в дисциплине художественного труда, проанализированы и определены их значение. Кроме того, автором выделены эффективные методы, пути, эффективные системы обучения творчеству при изучении предмета художественного труда в общеобразовательных школах. Указав на значение тесных интеграционных межпредметных связей данной дисциплины с другими дисциплинами, он определил их необходимость сегодня.

На уроках художественного труда предусмотрены пути развития в многообразии всех возможностей личности ребенка, которые должны осуществляться в формировании творческой деятельности младших школьников.

Ключевые слова: художественный труд, начальный класс, интерактивный метод, технологии обучения, инновации, методы, приемы, творчество, творческий рисунок.

¹M.B. Dzhanayev, ²Khuandykh H.

*Abai Kazakh National Pedagogical University. Candidate of Pedagogical Sciences,
Associate Professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: miyat53@mail.ru
Abai Kazakh National Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan.
2nd year master's student of specialty 7M01416-Art education, graphics and design".
e-mail: bek_mgl_0125@mail.ru*

THE FORMATION OF CREATIVE ACTIVITY FOR PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH A LESSON IN ARTISTIC LABOR

Abstract

The article analyzes the problems of the formation of creative activity of younger schoolchildren through the lesson of artistic work of secondary school. For this purpose, the issues of integrated teaching of pedagogical innovative teaching technologies are considered. Also, among the innovative new technologies of teaching art work lessons, the ways of using types of interactive teaching methods are highlighted. New learning technologies have been identified in the training, which reveal their place and significance in the discipline of artistic work, their significance has been analyzed and determined. In addition, the author highlights effective methods, ways, effective systems of teaching creativity in the study of the subject of artistic work in secondary schools. pointing out the importance of close integration of interdisciplinary connections of this discipline with other disciplines, he identified their need today.

At the lessons of artistic work, the ways of development in the diversity of all the possibilities of the child's personality are provided, which should be carried out in the formation of the creative activity of younger schoolchildren.

Keywords: art work, elementary class, interactive method, teaching technologies, innovations, methods, techniques, creativity, creative drawing.

Кіріспе: Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет, ... ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру керек» – деген болатын [1]. Басты міндет бүгінгі заман талабына сай оқушыларды өз ұлтының ұлттық өнерін дәріптейтін шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу.

Жалпы білім беретін мектепте "Еңбекке баулу" Көркем еңбек пәндері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың құралдары мен әдістерін іздеуде бастауыш сыныптарда сурет сабақтарын әдістемелік ұйымдастыру мәселесі, оның тарихи дамуының

барлық кезеңдерінде және әрқашанда өзекті болды. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім беру кеңістігіне кіруге бағдарланған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Өскелең ұрпақты сапалы оқыту мен тәрбиелеу елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторларының бірі болып табылатындықтан және оның қазіргі әлемде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететіндіктен, бүгінгі таңда білімге көп көңіл бөлінеді [2].

Қазіргі қоғам адам шығармашылығының нәтижелері әлемінде өмір сүріп жатыр, жаңалықтар, өнертабыстар, көркем шығармалар мен техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелер және т.б. Қазіргі әлемдегі психологиялық, әлеуметтік, кәсіби тұрғыдан тұлғаның жетістігі көбінесе оның шығармашылық әлеуетін белсендендіру қабілетіне байланысты. Суретшілер мен қолөнершілер өз туындыларында халық өмірінің тарихи шындығын, арман-тілегін, табиғат ғажайыптарын көркем бейнелеу арқылы көркемдік таным қалыптастырады. Демек, әр халықтың дәстүрлі сурет өнерінің туындыларын көріп, ләззат алуы ғана емес, күнделікті өмірдің қажеттілігі ретіндегі тарихы бар. Сурет салу арқылы балаларға адамдарды, жан-жануарларды, шынайы заттарды, қоршаған ортаның табиғаты мен сұлулығын танып, суреттей отырып, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қарым-қатынасын, табиғат сұлулығын таныту және оларды бағалай білуге баулу. Балаларға көркем еңбек негіздерін өнер туындылары арқылы түсіндіріп игерту, олардың шығармашылық қабілетін, дүниетанымдық көзқарасын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар тәрбиелік мәні зор өнер туындыларының сұлулығынан ләззат алуға деген мақтаныш сезімін оятады. Бейнелеу өнері көркем еңбек сабағында оқушылардың – әсемдік сезімін тудыратын факторлардың бірі.

Негізі бөлім: Қазіргі уақытта оқушыларды шығармашылық қызметке дайындау қажеттілігі барлығына айқын. Осыған байланысты мектептің белсенді, бастамашыл, шығармашылықпен ойлайтын адамдарды тәрбиелеудегі рөлі артып келеді. Осы мақсатқа жету үшін Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызметін дұрыс және мақсатты түрде ұйымдастыру қажет.

Шығармашылық ақыл-ойы бар адамдарды тәрбиелеу мәселесі бұрыннан келе жатқан әлеуметтік қажеттілікке айналды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басты міндеті баланың жеке басын қалыптастыруға, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады [3]. Бұл міндетті іске асыру оқу орындарына, педагогикалық ұжымға, оқу процесіне енгізілген педагогикалық жүйелер мен оқыту технологияларына тығыз байланысты. Бейнелеу өнерін оқыту арқылы тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін, қабілеттерін қалыптастыру мәселесімен көптеген педагогтар айналысты: Ә.О. Камаков, Б.А. Әлмұхамбетов, М.Б. Джанаев, Т.М. Қожағұлов, И.Сманов, З.Ш. Айдарова, М.Ашуров, К.Ералин, Х.А. Джалилова, М.В. Кадирова, А.А. Азизов, М.Ж. Танирбергенов, Б.А. Нурмагамбетова, т.б.

Көрем өнер пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушыны өнерге баулу негізінде қоршаған ортаға деген эстетикалық қатынас пен өмірдегі әртүрлі құбылыстардың өзіндік құндылығын, адамның, табиғаттың көркемдік рухани танымдық болмысын, көркем шығармаларды түсініуге тәрбиелеу; бастауыш мектеп оқушыларына қазақ халқының өнерін, мәдениетін сүйетін басқа халықтардың мәдениетін құрметтейтін, рухани жан-дүниесі бай, жан-жақты адам ретінде тәрбиелеу; оқушының бейнелеу өнеріндегі шығармашылық іс-әрекетін, білім, қабілет, дағдыларын қалыптастыру [4].

Бастауыш мектеп жасындағы балаларды шығармашылыққа баулу барысында жаңаша сурет салуды бастаған жөн. Сурет салуда бояуды пайдаланудың артықшылығы – балалар қаламмен сурет салуды тезірек бастаса, мұның өзі бұл жастағы балаға онша тұрақты болмайтын ойын тез жинақтуына жәрдемдеседі. Оның үстіне қылқаламен сурет салу бала қолының дәлдігі мен икемділігін дамытып, әртүрлі кескін үйлесімділігін жүзеге асыра білуін талап етеді.

«Шығармашылықты белсендірудегі ұтымды тәсілдердің бірі ол эстетикалық әсерлі-сезімдік ақпараттық тәсіл. Сабақ барысында түрлі көркем-танымдық бейнелі ақпараттар беріп, эстетикалық көзқарас пен түсінік қалыптастыру да маңызды. Нысанның көркемдік тұстарын, рухани мәнін, мәндік сипаттарын сезінуге ықпал етуде осы тәсіл арқылы жүзеге асады. Бұл бейнеле-

нетін нысанның немесе тақырыптың эстетика-лық көркемдік мінездемелерін сызықтық, түстік, тондық, қатынастарда т.б. белгілер мен қасиеттер, символдар, құрал-тәсілдер арқылы көрнекі көрсету негізінде жүзеге асады. Аталған тәсіл білімгерлердің оқу материалын игеруіне, шығармашылық ойын айқындауға, бейнеленетін нысанның эстетикалық - көркемдік қасиеттері мен мінездемелерін бейнелі елестетуге мүмкіндік беріп, композициялық ойын тұрақтандырады. Бұл жағдайда шығармашылық тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп отыруда маңызды. Мұның бәрі көркем шығармашылық үрдісте жүзеге асады» [5]. Сондықтан осы мақсатта педагогикалық инновациялық оқыту технологияларын кіріктіріп қолдану маңызды. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай қызықты проблемалық ойын әрекеттерін белсендіре қолдану. Сондай-ақ, көркем еңбек сабағын оқытудың инновациялық жаңа технологияларының ішінде интербелсенді оқыту әдістерінің түрлерін қолдану оқушылардың шығармашылық ынталары мен өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Бұл тәсіл сабақ барысында практикалық жұмыс орындау тәсілдері мен технологияларын пән аралық байланыста араластыра қолдану элементтеріне жүгінеді. Мәселен, көркем әдебиет, ән-күй, және тағы басқа өнер, мәдениет түрлері мен тәсілдерінің алмаса қолданылу жолдары. Бұл оқушылардың шығармашылық ой-қиялдарын белсендіреді.

Қаламмен жұмыс істеу балаларды сурет салуды дәлме-дәл ұйымдастыруға үйретеді. Сабақ тыс уақытта да қаламмен сурет салуды іс-жүзінде пайдаланудың мүмкіндіктері көп. Осының бәрі балалардың шығармашылық деген ынтасын, артырып, қызықты тақыраптардың неғұрлым кең ауқымын енгізуге, олардың алған әсерлерін толық жүзеге асруына мүмкіндік береді [6].

Материалдар мен әдістер. В.А.Кан-Каликтың пікірінше, шығармашылы өзін-өзі дамыту үрдісі тұлғаның барлық аймағын қамтиды және интелектуалды эмоциялық қажеттіліктерді қанағатандырады, ең бастысы, бұл – өзін-өзі дамыту үрдісі қашан да жаңа деңгейге көтеріледі, яғни шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру және т.б. барлық өзіндік үрдістерді игеруді жеделдетеді [7].

А.Н. Лук «...адамның шығармашылығын дамыту мен қалыптастыру, ең алдымен, шығармашыл ойлауға байланысты» деген пікір білдіреді [8]. Ол шығармашыл қабілеттің белгілері ретінде ақпаратты код арқылы жіберу, тасымалдай білу, ақылдың икемділігі, ойдың тереңдігі, әрекетті балағлауды атап көрсетеді. Ол шығармашылық қабілетті мотивациямен байланысты қабілеттер, эмоциялық қабілеттер және ақыл-ой қабілеттері деп үш топқа бөліп қарастырады. Ю.Г. Юдин оқушының шығармашылық негізгі белгілері мен оларға сәйкес қалыптасатын қабілеттері деп мына үш түрде қарастырады:

- оқушының шығармашылық іс-әрекетінің міндетті түрде талап етілуі;
- оқушының шығармашылық іс-әрекетінің пайда болуының жан-жақтылығы;
- сыныптағы ерекше эмоциялық шығармашылық атмосфера және оқушының қызығушылығы;

- оқушының жаңа бір нәрсені ашуы [9].

Қазіргі балалардың шығармашылығы дегеніміз - бұл баланың өзі үшін жаңа нәрсе жасалатын әрекет. Бұл бала бұрын көрмеген, оның тікелей жеке тәжірибесінде болмаған нәрсені елестетіні, біріктіретіні, өзгертетіні, жасайтын кезде орын алады. Әр шығармашылықтың негізінде баланың болжамы жатыр.

Көркем еңбек сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруда жүзеге асуы тиіс баланың жеке басының барлық мүмкіндіктерін әртүрлікте дамыту бұл - психикалық қасиеттерді (ойлау, қиял, есте сақтау, зейін, сөйлеу), эстетикалық талғамын, практикалық шығармашылық қызметке деген қажеттілікті, сонымен қатар техникалық және көркемдік ойлау, қабілеттерін дамыту.

Көркемдік білім беру – адамды тәрбиелеу және гармониясын дамыту. Эстетикалық тәрбие, адамның ақыл-ойын дамытуда үлкен роль атқарады және қазіргі кездегі үлкен процесс болып саналады. Сурет өнері баланың сана сезімін қалыптастыруға, шығармашылық бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттырып, өз алдына жеке тұлға болуына көмектеседі. Болашақ ұрпақты көркем өнерге бейімдеу, еңбекке баулу және жан азығын молайту қабілеті мен іскерлігін жетіл-

діру мұғалімнің шеберлігін талап етеді. Мұғалім балалармен дұрыс жұмыс жасай білуі керек. Әр баланың психологиясы әртүрлі болып келеді [10]. Қазіргі таңда бастауыш сыныпта білім беру жүйесіндегі басымдылықтың өзгеруі, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға бағдарлау жеке тұлғаның мүмкіндіктерін ашуға ықпал ететін жаңа мазмұн мен білім беру қызметінің тиімді құралдарын қарқынды іздеуге әкеледі. Жаңа контексттегі қазіргі білім берудің негізгі мәселелері білім беру мазмұнын қазіргі заманғы өзгерістер талаптарына сәйкес келтіру және баланың білім беру қызметінің шынайы субъектісі ретінде дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі таңда түбегейлі өзгерістерге байланысты үздіксіз білім берудің бастауыш білім беру жүйесінде елеулі жанарулар туындауда.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру құралы ретінде инновациялық әдістерді қолдана отырып, бейнелеу өнері сабақтарын ұйымдастыру қажет. Шығармашылық іс-әрекетті дамыту міндетті түрде бастауыш сынып оқушысының тәуелсіз іс-әрекетімен байланысты.

А.Н. Лук, егер мұғалімнің шығармашылық қабілеті жоғары болса, онда дарынды оқушылар керемет жетістіктерге жетеді. ...Егер мұғалімнің өзінің шығармашылық қабілеті төмен болса, қабілеті төмен оқушылардың жетістіктерінде төмен болады. Бұл жағдайда дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеті ашылмайды, өз мүмкіндіктерін іске асырмайды" [11]. Қазіргі уақытта оқу барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашу түрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

Біздің қоғамға қазіргі жағдайда жүйелі, шығармашылық ойлау қабілеті бар шығармашыл тұлға қажет. Баланың шығармашылық тұлғаға айналуы, жоғарыда айтылғандай, педагогикалық процестің технологиясына және мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бастауыш мектепте дұрыс ұйымдастырылған бейнелеу өнері сабағы баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесін шешуге көмектеседі.

Бүгінгі таңда көркем еңбек сабағында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін мен қызығушылығын арттыру үшін инновациялық әдістерді қолдану маңызды. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру қазіргі заманға сай, жаңа үлгідегі бағдарламалар құруды талап етіп отыр.

Инновациялық технологияны пайдалану барысында білім беруді жаңартуды жүзеге асыруға бағытталған негізгі принциптердің бірі - білімді ізгілендіру мен демократияландыру принципі болып табылады. Мұғалім дайын ақиқатты, түйін, ой қорытындысын балалардың «... миына құйғанмен, ойлау мен сөйлеу негіздерінде жақындауға мүмкіндік бермей, шығармашылық арман тілегін байлап қояды. Көптеген жағдайда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына ерекеше әсер етпеген, байланыстарды жаттап алуна әкеледі. Бұл - баланы топастыққа әкелетін, ақырында оқуға деген ынтасын жоятын үлкен кемістік. Баланы білім, ақиқат ереже мен формулалар қоймасына айналдыру үшін оны ойлауға үйрету керек» дейді В.А. Сухомлинский [12].

Бастауыш сынып оқушыларының жасына байланысты психофизиологиялық қабілеттеріне сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары мен формаларын таңдайды, оның негізгі мақсатына жетістікке жетуі үшін олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып - балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Мұғалім алдыңғы оқу барысында оқушының оқу іс-әрекетінің қандай тәсілдерін меңгергенін білуі керек, осылайша оны өзінің әлеуетті мүмкіндіктеріне бағытталған оқу іс-әрекетіне тартады. Бұл процестің психологиялық ерекшеліктері және оқушылардың өз іс-әрекеттерін түсіну дәрежесі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, сабақ беру әдістемесін дамыта түсу - қазіргі көркемдік өнерді оқыту саласындағы қажеттіліктің бірі.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту бастауыш сынып оқушысынан болашақта керемет нәтижелерге қол жеткізу үшін белгілі бір бағытта өте көп күш жұмсауды талап етеді. Бірақ ол іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұнына толықтай ене алған жағдайда ғана жүзеге асады. Қызығушылық неғұрлым күшті болса, соғұрлым қарқынды, кеңірек және тереңірек болады. Сондықтан қызығушылықтың күшіне ерекше назар аудару баланың қазірдің өзінде пайда болған күшті

жақтарын білу тек талдау үшін ғана маңызды емес, бұл қабілеттерді одан әрі дамыта ынталандыру туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектеп өмірі баладан ерікті түрде үнемі жаттығулар жасауды, шоғырлануға ерікті күш салуды талап етеді. Бұған көркем шығармашылықтың түрлі көрмелері, техникалық колөнер байқаулары, оқу пәндері бойынша мектеп, аудандық және қалалық олимпиадалар ықпал етеді. Сондықтан мұғалім балалар жұмысын жүйелі түрде талдауы керек. Балалардың үздік жұмыстарын мектеп, қалалық және республикалық көрмелерге іріктеп, көтермелеу талаптарын қолдана отырып қатыстыру керек.

Нәтижелер мен талқылау. Жаңа білім беру кеңістігін қалыптастыру жағдайында білім беру нәтижесіне қажеттілік туындайды, ол тек алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушысының оқу міндеттерін де, шығармашылықты да сәтті шешуге дайындығымен анықталады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін ерте дамыту қажеттілігін тудырады.

М.Жұмабаев «Бір сабақтан бала күшті әсер алуы үшін баланың сол сабаққа құмары болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек» - дейді. «Сонымен бірге бала бір затпен танысқанда, сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Мысалы, бір заттың түрін де көрсетіліп, дыбысы да қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Бір затты ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз сипат, суретін салғыз, қызықтыр, баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің естіген нәрсесін көргісі келеді, көрген нәрсесін ұстағысы келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады» деген пікір айтады [13]. Осы орайда, функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмаларды жиі орындату, жеке тұлғаның білімді сауатты әрі шығармашыл болып шығуына жетелейді. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда жаңартылған білім мазмұнының тиімді әдіс-тәсілдерін оқу мен оқыту үрдісінде тиімді қолдану арқылы оқушыларды ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу маңызды фактор. Бастауыш сынып оқушыларын суретшілердің көрмесіне экскурсия жасау өнер туындыларымен таныстыру да өзінді тәрбие құралы. Бейнелеу өнерінің барлық жанырлары қамтылған жұмыстарды көрсету арқылы оқушыларға көркемдік тәрбиесін мен әлеуметтік мәдени дамуының жетілдіру [14]. Мысалы, қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастырда экскурсия жасау барысында оқушыларға қазақ халқының көне ескерткіштер мен жаңа ғимараттардағы ою-өрнектерді көрсету оның ерекшеліктерін, және музей экспонаттарымен таныстыру бала ынтасын арттырып, оның талғамын күшейте түсуге жәрдемдесері анық жәнеде танымдық – шығармашылық қабілетін кеңейтеді.

Әрбір шебердің жасаған бұйымы, туындысы туралы әңгіме айту, кеңес беру, баланың қызығушылығы мен шығармашылық ынтасы арта түсері анық. Сайып келгенде барлығы жас жеткіншектерге қоршаған орта мен табиғатты, қоғам өміріндегі объективті шындықты ұғындыруға бағытталады. Солай еткенде ғана балалардың қандайда бір өнер туындысын жасауға деген ынтасы толық қолдау таба алады. Осындай танымдық сауатталықтың нәтижесінде жасөспірімнің көркемдік таным талғамы кеңейіп шығармашылық еңбекке деген құштарлығы арта түседі. Кез келген нәрсені өз көзімен көріп, қолдарымен жасай білу, балалардың зейіні мен есте сақтаудың дамытады, дәлдікке, табандылық пен шыдамдылыққа үйренеді. Мұның бәрі баланың көркемдік ынтасын арттырады. Шығармашылық сабақтар түрлі интербелсенді тәсілдер мен әдістер қолдану арқылы оқушылардың көркемдік талғамы мен логикасын дамытуға көмектеседі. Бұл бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды. Шығармашылық сабақтар қиялды дамытып қана қоймай, балаға көптеген практикалық дағдылар береді. Олардың көркем эстетикалық талғамдырын қалыптастырады.

Қорытынды. Қазіргі қоғам адамнан шығармашылық қабілеттерді қолдануды, жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуды талап етеді. Білім берудің бірқатар мақсаттарындағы алғашқы орындардың бірі өскелең ұрпақты шығармашылық еңбекке дайындауға тиесілі деп санаймыз. Тұрақты өзгерістер жағдайында өмір сүру үшін, оларға жауап беру үшін адам өзінің шығармашылық әлеуетін жандандыруы керек. Шығармашылық ынталандыру мен белсендіру оқушы-

лардың көркемдік қызметінің алғашқы кезеңінен батсалуы тиіс. Біздің зерттеуімізде көркем еңбек сабағы арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру оқытудың инновациялық жаңа технологияларының бірі интербелсенді оқыту әдістерінің түрлерін қолдану жолдары арқылы орындалады. Мұнда біз түрлі әсерлі сезімдік, эмоционалды интеллектуалдық қызықты ойын әрекеттер тәсілдерін қолдандық. Осы мақсатта түрлі педагогикалық инновациялық оқыту технологияларын кіріктіре қолдану оқушылар шығармашылығын белсендіруде ұтымды нәтижелер көрсетті. Көркем еңбек сабағында инновациялық жаңа технологияларды, интербелсенді оқыту тәсілдерін түрлендіре отырып қолдану, оқушылар қызығушылығы мен ынта-жігерін арттыра түсетіндігі байқалды. Оқытуда аталған жаңа оқыту технологияларының көркем еңбек пәнінде алатын орны мен маңызын ашып, оларға талдаулар жасалып оның маңызы анықтаған. Сөйтіп жалпы орта мектепте көркем еңбек пәнін оқытуда шығармашылыққа баулудың тиімді әдіс-тәсілдерін, жолдарын, тиімді оқыту жүйелерін саралып қарап қолдану жолдарын зерделедік. Көркем еңбек пәнінде бейнелеу өнері түрлерінің басқа да пәндермен интеграциялық байланысының маңызын анықтап, қажетті мағұлыматтар жинақтадық.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін көптеген зерттеулерде айтылғандай, шығармашылық ойлауды дамыту ерекше назар аударуды және арнайы жұмысты қажет етеді. Шығармашылық іс-әрекеттің табиғи болмысы мен оқушы қабілетіне қарамастан, тек мақсатты оқыту оқушылардың қалыптасқан шығармашылық қабілеттерін дамытудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл қабілеттердің дамуы бастауыш мектеп жасынан бастап жеке тұлғаның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінен басталуы керек. Шығармашылыққа деген ұмтылыс біздің күндеріміздің бастауыш мектебіне тән, бастауыш мектеп-бұл балалық шақ әлемі, шығармашылық іс-әрекеттің негізі ең қолайлы және ақыл мен жақсылықты рухтандыратын ізденіс жойылмайтын үміт әлемі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты Қазақстан – 2030 стратегиялық бағыты // Егемен Қазақстан. – Алматы, 1997. – қазан 11.
2. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. – Астана, 2006.
3. Ералин Қ., Займоғлы О., Ералина Ф., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құрал. Түркістан. Тұран 2011. – 231 бет
4. Курбаналиев Б.У. Бейнелеу өнері сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалаптастыру: пед. ғыл. канд ... дис. – Шымкент, 2010. – 144 б.
5. Джанаев М.Б. Композиция-білімгерлер шығармашылығының негізі //ХАБАРШЫ. «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы №4 (65), 2020. – С.60-65.
6. Байжігітов Б.К. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты (қазақтың тәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): философ. ғыл. канд...автореф. – Алматы, 1984. – 24 б.
7. Кан-Клик В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс: автореф. док. пед.наук. – Ленинград, 1985. - 46 с.
8. Лук А.Н. Психология творчества. – М., 2003. – С. 6-38.
9. Понамарев Я.А. Психология творчества и педагогик. – М.: Педагогика, 2002. – 203 с.
10. Көркемдік білім беру теориясы мен технологиясы. Оқу құралы /Ж.Ж. Жонкарбаева, Т.С. Есқалиева, Н.С. Редько, А.С. Маметекова / Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж.
11. Тупицына, Т.С. Игровые моменты в планах уроков /Т.С. Тупицына // Начальная школа. – 2004. № 8. - С. 63.
12. Сухомлинский. А Балаға жылу жүрек. – Алматы. 1976. - 136 б.
13. Әліпбекова Т.Т. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және білім сапасын арттыру, 2017. Білім айнасы Республикалық газет. [www://bilimainasy.kz/](http://bilimainasy.kz/)
14. Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды шарты: Білім беру қызметкерлерінің обл. ғыл. практ. конф. материалдары: II -б.- Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2021. - 563 бет.

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ II РАЗДЕЛ. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ӘОЖ 323.28
ҒТАМР 11.25.41

¹Е.Ж. Мұстафаев

¹Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, университет профессоры
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан. e-mail: erkoja63@mail.ru

ДОМБЫРА АСПАБЫН ТЕЗ ҮЙРЕТУДІҢ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСІ

Аңдатпа

Қазіргі білім берудің басым міндеттерінің бірі - оқытудың бастапқы дәстүрлі принциптері мен әдістеріне негізделген рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жас ұрпақты тәрбиелеу. Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі қоғамның сұраныстары мен талаптарынан ғана емес, сонымен қатар этнопедагогиканың күнделікті өмірде және практикада, атап айтқанда, отбасылық тәрбиеде адамгершілік тәрбиені дамытудағы ұстанымынан туындайды.

Мақалада қазақтың ұлттық аспабы «домбыра» бойынша отбасылық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған оқытудың ерекше әдісі туралы айтылады. Саусақтарды орналастыру бойынша жұмыс жасай отырып, мұғалім сабақ беріп қана қоймайды, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелейді.

Бұл мақалада «Домбыра» аспабының пән ретінде орта мектеп бағдарламасына енгеніне байланысты домбыра аспабын үйрету кезінде қол қойылымын отбасылық тәрбиеге бағыттау жайлы айтылады. Оқушы өз өмірлік таным-пайымын қалыптастыру үшін бұл сабақ беру әдісі өте пайдалы деп есептейміз.

Түйін сөздер: домбыра, тәрбие, отбасы, бағдарлама, орта мектеп, әдістер, оқушы, таным- пайым, бағыт, қол қойылымы.

¹Мұстафаев Е.Ж.

¹Заслуженный деятель Казахстана, профессор университета,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан. e-mail: erkoja63@mail.ru

ИННОВАЦИОННЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ ИГРЫ НА ДОМБРЕ

Аннотация

Одной из приоритетных задач современного воспитания - это воспитание подрастающего поколения направленное на формирование духовно-нравственных ценностей, основанных на исконно традиционных принципах и методах. Актуальность данной проблемы вытекает не только из запросов и требований современного общества, но и из положения этнопедагогике о развитии духовно-нравственном воспитании в повседневной жизни и практике, и в семейном воспитании в частности.

В статье повествуется об особом методе преподавания на казахском народном инструменте «домбыра» направленная на воспитание семейных ценностей. Работая над постановкой пальцев преподаватель не только дает уроки, но и воспитывает молодое поколение.

В этой статье рассматривается введение домбры в качестве предмета в школьную программу, а также ставится акцент на том, что в семейном воспитании следует обратить внимание обучению домбыре. Мы считаем, что этот метод обучения очень полезен обучающимся для формирования собственных знаний о жизни.

Ключевые слова: домбыра, воспитание, семья, программа, средняя школа, методы, учащийся, познание, когнитивное зрение, направление, постановка рук.

¹*E.Zh. Mustafaev*

¹*Honored Worker of Kazakhstan, Professor,
Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan. e-mail: erkoja63@mail.ru*

INNOVATIVE METHOD OF LEARNING THE DOMBRA PLAY

Abstract

One of the priority tasks of modern education is the education of the younger generation aimed at the formation of spiritual and moral values based on the primordially traditional principles and methods of teaching. The urgency of this problem follows not only from the requests and requirements of modern society, but also from the position of ethnopedagogy on the development of spiritual and moral education in everyday life and practice, and in family education, in particular.

The article tells about a special method of teaching on the Kazakh folk instrument "dombyra" aimed at fostering family values. While working on finger placement, the teacher not only gives lessons, but also educates the younger generation.

This article discusses the introduction of dombra as a subject in the school curriculum, and also emphasizes that in family education, attention should be paid to teaching dombra. We believe that this teaching method is very useful for learners to form their own knowledge about life.

Keywords: *dombira, upbringing, family, program, high school, methods, learner, cognition, cognitive vision, direction, hands-on.*

Кіріспе. Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Домбыра» атты сабақ жеке пән болып орта мектеп бағдарламасына енді. Бұл бастама қазақтың ұлттық өнері мен мәдениетіне жасалған үлкен құрмет деп түсінеміз.

Домбыра – көнеден келе жатқан қазақтың ұлттық аспабы. Домбыра – қазақтың киесі. Осыдан қырық жылдай бұрын Жетісу жерінен археологтар үлкен қара тас тапты. Ол таста қашалып жазылған мынадай сурет бар: төрт бағытта төрт кісі билеп тұр, ортада екі құлағы бар аспап жатыр. 1987 жылы бұл қара тас Алматыдағы Ықылас атындағы мұражайда тұрды. Атақты этнограф, ғалым Омар Хаймолдин бұл тастағы жазу төрт мың жыл бұрын қашалып жазылған деген баға берді.

Негізгі бөлім. Ерте заманнан құйма құлақ ата-бабаларымыздың арқасында атадан балаға, ұстаздан шәкіртке, қолдан қолға жең ұшынан жалғасқан күй өнерінің орны ерекше екені белгілі. Этнограф ғалым, өнер зерттеуші, жазушы Ақселеу Сейдімбек қазақ халқында жеті мың күй бар деп айтып кеткен еді. Қазіргі ғалымдар мен өнертанушылар 10000 күй бар деп айтып та, жазып та жүр. Бұл – болашақ ұрпаққа асыл мұра болып жеткен үлкен байлық. Жеке аспаппен он мың шығарма тарту жер бетіндегі өзге ұлттарда жоқ деп сеніммен айта аламыз. 2014 жылдың 28 қарашасында Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен мәжілісте «Адамзат баласына мұра боп қалған он құндылықтың біреуі ретінде домбыра аспабы және күй өнері» жайлы жазыла келе, «Домбыра өнері қазақ халқының дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосты» деген сөздер алтын әріппен жазылды. Бұл біздің ұлтымыз үшін мақтанарлық оқиға болды. Дүниежүзілік қауымдастық қазақ ұлтының өнері мен мәдениетіне құндылық деп баға беруі біз үшін көңіл қуантарлық жайт болғаны анық. Біз енді домбыра аспабы мен күй өнерінің мәртебесін одан да биік көтеру үшін бойымыздағы бар күш-жігерімізді, білімімізді салуымыз тиіс.

Кеңес Одағы кезінде барлық ұлттардың тағдыры Мәскеуден басқарылғаны белгілі. Ақыры, «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп, әр ұлт өз тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекет болып кетті. Енді, жетпіс жылдай өз тілі, салт-дәстүрі мен жөн-жоралғыларынан қол үзіп қала жаздаған ұлттар өз ұлттық құндылықтарын жаңғыртуды қолға ала бастады. Біз, Қазақстан елі де іске кірістік. Шетелден қандастар елге орала бастады. Орыстар, гректер, шешендер, немістер және т.б. диаспоралар да өз ұлттық елдеріне көшті. Бір сөзбен айтқанда, Ұлы көш жүре бастады.

Мына жаһандану заманына ыңғайлану ұлттық менталитеттен айрылу екені түсінікті.

«...Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана» (А.Сейдімбек. «Қазақтың күй өнері» Астана, «Күлтегін», 2002 жыл. 6-бет). Ал, төлтума (самобытний) мәдениет деген не? Ол – қазақтың тұрмыс-салт жырлары, ауыз әдебиеті, батырлар жыры, махаббат жырлары, мақам-саздар, күйлер және халық әндері, мақал-мәтелдері мен ертегілері. Мінеки, осы мәдениетті өскелең ұрпақтың санасына құйып, айтып та, жазып та отырмасақ, ұлттық санадан айрылып қалу қаупі жоқ емес. Сондықтан, Кеңес Одағы заманында көрмеген «Домбыра» пәнінің орта мектеп бағдарламасына енуі тек өнерпаздарды ғана емес, қазақ халқын да қуанышқа бөледі.

«Домбыра» пәні мектеп бағдарламасына енген күннен бастап, әр оқытушы ізденіс жолына түскені рас. Басқа аспапты меңгерген оқытушылар домбыра курстарында оқып, біліктіліктерін арттырып, ұлттық музыкаға ден қоя бастады. 1980 жылы шыққан М.Айтқалиевтің «Домбыраға арналған хрестоматия», одан бергі Қ.Мерембаевтың «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» атты кітабы, Л.Хамиди мен Б.Ғизатов жазған «Домбыра үйрену мектебі» оқулығы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі А.Жайымов, Б.Ысқақов пен С.Бүркітов сынды үш автор қосылып шығарған «Домбыра үйрену мектебі», К.Сахарбаеваның «Домбыра аспабын оқыту әдістемесі» атты оқулықтар, Қ.Мұхитов жазған «Домбыраға арналған хрестоматиялар» және басқа да оқулықтар домбыра аспабын кәсіби түрде оқыту бағдарламаларына соны серпін қосып, жаңа леп беріп отырды. Бұл еңбектер музыка мектептерінде, музыка колледждері мен жоғары оқу орындарында барынша пайдаланылды.

Ал, орта мектептерде «Ән-күй» немесе «Музыка» пәні жалпылама өтетін болғандықтан, жоғарыда аталған кітаптар өз деңгейінде бағдарламаға толық енді деп айта алмаймыз. Өйткені, орта мектепте музыка мектебіндегідей әр баламен жеке отырмайды. Енді топтық сабақ арқылы домбыраны үйрету керек болды. Жаңа әдістер, жаңаша ой, жаңашыл әдістеме қажет болып шықты. Заманауи технологияларды, интерактивті тақта, ғаламтор ресурстарын және т.б. пайдалана отырып жаңаша тәсіл қарастыру алға қойылды. Осы жерде айта кететін маңызды мәселе бар. Кеңес Одағындағы жетпіс жылда өнер үйірмесіне, мектебіне, колледжіне тәлім алуға барған әр қаракөз бала міндетті түрде «Жалпы фортепиано» деген пәнді оқыды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері «Біз еуропалық ұлт емеспіз, біз қазақпыз, сондықтан әр қазақ домбыраны білуі керек» деген орынды пікірлер айтылып келді. Осы айтылып жүрген пікірлердің нәтижесі ретінде «Домбыра» пәні мектеп бағдарламасына еніп отыр деп түсіндік. «Домбыра» пәнінің орта мектеп бағдарламасына енуі әр баланы домбырашы, күйші етіп шығару мақсатында емес. Бірақ, әр қазақ бала домбыраны білуге міндетті.

Негізгі бөлім. Домбыра аспабын оқытудың үш тәсілі бар.

- 1) құйма құлақ әдіспен оқыту;
- 2) цифрлық оқыту;
- 3) нотамен оқыту.

Сексенінші жылдары цифрлық оқыту әдісі еніп еді, ол әдіс халық арасына көп тарай қоймады. Атадан балаға жалғасқан жады арқылы жаттау мен нотамен үйрену белең алды. Еліміздегі барлық өнер мектептері, колледждер, жоғары оқу орындары нота арқылы оқытуды қолға алған. Жалпы, еске сақтау қабілетімен жатталған музыка ұмытылмайды. Оған күнделікті өмірде өзіміз куә болып жүрміз.

Мұғалім өзінің өмірлік тәжірибесінде ашық сабақтар көреді, баяндамалар, әдістемелік мақалалар оқиды, өз ара сабаққа қатысады, өз білімін жетілдіреді, сөйтіп тәжірибе жинақтайды. Қорыта келе, жеке бір әдістеме қалыптастырады. Әр мұғалімнің әдіс-тәсілдері әртүрлі болатыны

да заңды. Оқушыны неше түрлі конкурстарға, сайыстарға қатыстырып, өз тәжірибесінің нәтижесін көре бастайды. Соған орай өзінің сабақ беру әдістері де өзгеріп, жаңарып отырады.

Ал, енді сабаққа келейік. Қолына аспап ұстап көрмеген баланы қызықтырып, ұлттық аспап домбыраға деген сүйіспеншілігін ояту үшін көп әңгіме айтуға тура келеді. Мысалы:

1. Домбыра аспабын адамға ұқсатамыз. Домбыраның басы, екі құлағы, мойны, беті, аузы, шегі, түймесі бар. Әрі қарай шанағы, қақпағы, кіші тиегі, үлкен тиегі бар дейміз.

2. Домбыраны табиғатпен байланыстырамыз: Басын тау деп аламыз, одан бұлақ бастау алады, мойныны шанаққа жақындағанда арнасы кеңіген өзеннің сағасына айналғандай болады, сөйтіп көлге немесе теңізге құяды.

3. Домбыраның мойнын және күйдің құрылу формасын айта отырып, адам өмірімен байланыстырамыз: Бас буынын қара шаңырақ, өз үйің дейміз. Тақырыпты балабақшаға барғаның, орта буынды орта мектепте оқығаның, сағасын жоғары оқу орны деп аламыз. Үлкен сағасын білімін жоғарылату (магистратура немесе докторантура) деп, соңғы буынын адамның қартайған кезі деп алып, күйдің аяқталуын адам өмірінің аяқталуымен байланыстырамыз.

Осылай әңгімелеп отыру баланың ойын қалыптастырады, өмір жайлы түсінік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Ендігі қызық әңгіме баланың қол қойылымында болады. Алдымен, домбыраның мойнын үшке бөліп аламыз, «Бас буын», «орта буын», «саға» деп. Оң қолдың сұқ саусағымен төмен қағысты, бас бармағымен жоғары қағысты алуды үйретеміз. Сахнаға шығып жүрген күйшілердің қол қойылымын бастан айтудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Әзірге бала жеңіл қағыспен ала береді. Өнер жолына түсемін деген өнерпаз өсе келе саусақтарын өзі жөндеп алады.

Сол қол қойылымын орта буыннан бастаған дұрыс деп есептеймін. Өйткені, бас буындағы пернелердің арасы қашық, баланың саусақтары жетпейді. Орта буындағы пернелердің арасы жақын. Домбыра аспабында үстіңгі шекте бас бармақ және астыңғы шекте төрт саусақ орналасады деп айтуды ұмытып кетпеуіміз қажет.

Бас бармақты «ата» немесе «әже» деп аламыз. Ол отбасының ақылшы данасы, төрт саусақтың үстінен қарап, бақылап отырады. Атадан туған бала, ол «әкең» дейміз, бұл екінші саусақ. Бас бармақ пен екінші саусақ ылғи да бірге жүреді. Домбыра аспабында тартылатын барлық дыбыстар осы екі саусақтың, басты тұғырдың айналасында жүреді. Бірінші саусақ пен екінші саусақ қатар жүреді, сондықтан ол сенің «әкең мен анаңның тату болғаны» дейміз. Енді, егер оқушы ұл бала болса, төртінші саусақ «сен», үшінші саусақ сенің «әпкең» дейміз. Егер оқушы қыз бала болса, онда үшінші саусақ сен, төртінші саусақ сенің «інің», «Інің қарап, көмектесіп жүруің керек» деп, үшінші мен төртінші саусақтардың қатар орналасуын қадағалаймыз. Көбінесе оқушылардың үшінші саусағы көтеріліп тұрады немесе мойынның артына тығылып қалады. Соны болдырмау үшін «әпкесі інісіне қолғабыс тигізіп жүруі керек» деп айтып, балалар арасындағы татулық жайлы әңгіме құрамыз. Барлық бес саусақты бастыртып, соны бессаусақ деп атаймыз да, бұл «сенің отбасың, саусақтардың әдемі орналасқаны отбасының татулығы, ауызбіршілігі» деп айтып отырамыз. Бұл әңгіме балаға жастайынан отбасы бірлігі жайлы ой толғауға көмектеседі, болашақта тату отбасын құру ойын қалыптастырады.

Екі, үш күн дайындықтан соң, «екі баланы мектепке жіберіп, әжең, әкең, анаң үшеуі шай ішіп отыр» деген қызықтыру сөзін айтып, үш саусақты (бас бармақ, бірінші және екінші саусақ) қалдырып, оны «үшсаусақ» деп атаймыз. Бессаусақ пен үшсаусақты араластырып тартқызып, жаттығулар береміз. Енді, «әкең жұмысқа кетті, әжең мен анаң екеуі үйде қалды» деп, екі саусақты қалдырамыз. Осы бессаусақ, үшсаусақ және екі саусақтарды араластырып жаттығулар тартқызамыз. Бұл жаттығулар оқушының саусақтарының тез қимылдап, жүгіріп туруына пайдалы болып табылады. Келесі кезекте екі перне артқа жылжып, үстіңгі шекті ашып, бір саусақты бастырамыз да оны бірсаусақ деп атаймыз. Орта буындағы келесі дыбысымызда астыңғы шек ашық, үстінен бас бармақты бастырамыз. Бұл орналасуды «басбармақ» деп атадық.

«Бессаусақ, үшсаусақ, екі саусақ, бірсаусақ, басбармақ» деп бес дыбыстан құралған жаттығуды тартқызамыз. Бұл жаттығумен орта буынды меңгертеміз. Әбден орта буынды басып,

үйреніп, саусақтары орныққан соң, дәл осы қойылымды бас буынға көшіреміз. Орта буын мен бас буынның бір ғана айырмашылығы бар: орта буындағы басбармақтың орнына, бас буында бірсаусақтан кейін «ашық» деп аламыз, ол екі шектің де басылмай, ашық тұруы болады. Бір октава қалыптасты: бас буындағы ашық, бірсаусақ, екісаусақ, үшсаусақ, бессаусақ, орта буындағы екі саусақ, үшсаусақ, бессаусақ. Мінеки, «соль» дыбысынан келесі «сольға» дейінгі дыбыстар түгел қамтылды. Балаға алғаш үйрететін әніңіз, күйіңіз күрделі емес, сағаға бармайды, сондықтан сағаны үйретуді кейінге қалдырған дұрыс. Меніңше, жаңа келген балаға бірден нота жайлы айтсаң, жете мән берілмей, саусақтар дұрыс орналаспай қалады. Ал, жаңа айтылған бас буындағы ашық дыбыс пен орта буындағы бессаусақ арасындағы дыбыстарды басып, жаттығу кезінде ноталарды аз, кем айтып отырса, бала өзінен өзі, оп-оңай ноталарды да жаттап алады.

Келесі кезекте сағаға көшкенде, бас буындағы басылатын төрт дыбысты сағада жіңішке дыбыс ретінде қайталатасыз. Үстіңгі шек ашық тұрады. Енді, бас буыннан бастап, сағадағы дыбыстарға дейінгі пернелерді түгел меңгертіп, барлық пернелерден тұратын жаттығулар бересіз. Міне, осылай сіз оқушының қол қойылымын аяқтайсыз. Балаларға осы әдіспен сабақ берген қолайлы болады. Сіз әрі ұлттық аспапты үйретесіз, әрі отбасылық тәрбие бересіз.

Қорытынды. Екі жыл бұрын орта мектептердің бағдарламаларына «Домбыра» сабағы енгізілгенін ескерсек, бұл әдістер болашақ ұрпаққа өз жемісін береді.

Әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. «Қазақтың күй өнері». Астана: «Күлтегін», 2002 жыл.
2. Мұстафаев Е. Күй өнері және тәрбие: Оқу құралы. – Алматы: «Ұлағат» 2018 ж.
3. Мұстафаев Е. Күй өнерінің берер тәрбиесі жайлы // Абай ат.ҚазҰПУ «Хабаршысы», «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы – әдістемесі» сериясы, № 1(50), 2017. - Б.104-107.
4. Мұстафаев Е. Отбасылық тәрбиеге бағытталған домбыра аспабын үйрету тәсілдері // Абай ат.ҚазҰПУ «Хабаршысы», «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы – әдістемесі» сериясы, № 3 (68), 2021. - Б.36-40

МРНТИ: 18.41.01

Аскарова С.М.¹, Касимова Н.А.²

¹Кокандский государственный педагогический институт,
старший преподаватель кафедры «музыкального образования» Коканд, Узбекистан.

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
магистр педагогических наук, старший преподаватель. Алматы, Казахстан.

ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИСКУССТВО МУЗЫКИ И ПЕНИЯ

Аннотация

В современном быстро меняющемся мире, когда встают такие глобальные проблемы, как атака различных идей и информации, вопросы нравственного воспитания молодого поколения путем передачи знаний с использованием различных средств и методов, организация занятий музыки в нравственном воспитании детей, составляют основное содержание данной статьи. Также влияние музыкального искусства и песен на мировоззрение и нравы детей в обществе рассматривается через труды великих ученых, показано экспериментальными работами, и представляется вывод.

Ключевые слова: нравственное воспитание, искусство, музыка, пение, мировоззрение, народное искусство, эстетическое, поведение, знание, сила.

¹С.М. Аскарова, ²Н.А. Касимова

¹Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты,
"музыкалық білім беру" кафедрасының аға оқытушысы. Қоқан, Өзбекстан.
²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Алматы, Қазақстан.

МУЗЫКА ЖӘНЕ ӘН ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа

Қазіргі заманның қарқынды түрде өзгеру үрдісінде, әлемде әртүрлі идеялар мен ақпараттарға шабуыл жасау барысы белең алуына байланысты әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдана отырып білім беру арқылы жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу мәселелесіндегі музыка сабақтарын ұйымдастырудың жаһандық проблемасын мақаланың негізгі мазмұнында қарастырылады. Сонымен қатар, балалардың дүниетанымы мен әдет-ғұрпына қоғамдағы музыкалық өнер мен әндердің әсерлері, ғалымдардың еңбектері арқылы қарастырылып, эксперименттік жолмен дәйектер келтіріледі және қорытындылар ұсынылады.

Түйін сөздер: адамгершілік тәрбие, өнер, музыка, ән салу, дүниетаным, халық өнері, эстетика, мінез-құлық, білім, күй-жігер.

¹Askarova S.M., ²Kasimova N.A.

¹Kokand State Pedagogical Institute,
senior lecturer of the Department of "Music Education" Kokand, Uzbekistan.
²Abai Kazakh National Pedagogical University, Master of Pedagogical Sciences,
senior lecturer. Almaty, Kazakhstan.

MORAL EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE ART OF MUSIC AND SINGING

Abstract

In today's rapidly changing world, when such global problems arise as the attack of various ideas and information, the issues of moral education of the younger generation through the transfer of knowledge using various means and methods, the organization of music classes in the moral education of children, constitute the main content of this article. Also, the influence of musical artists and songs on the worldview and morals of children in society is considered through the works of great scientists, shown by experimental works, and a conclusion is presented.

Keywords: moral education, art, music, singing, worldview, folk art, aesthetic, behavior, knowledge, power.

Введение. Великая роль искусства и литературы в нравственном воспитании влияет на всю жизнь человека. В этом случае искусство не может быть заменено школьным предметом или учебником.

Нравственное воспитание личности учащегося успешно осуществляется непосредственно через музыку, народные песни, являющимися образцом народно-певческого искусства, наиболее восточного его жанра.

Искусство музыки проявило себя как орудие божественной силы, тысячелетиями вселяющей высокие и чистые чувства в сердца людей, наполняющей их духовный мир и всегда призывающей к добру и чистоте. Исходя из этого, наш прадед Алишер Навои называл искусство музыки силой и счастьем души.

Рассказывая о причинах, породивших музыкальную науку, Фароби обращает внимание на нравственные и воспитательные аспекты музыки. «Эти знания полезны в этом смысле, – пишет

он в «Ихса аль-Улум», – они регулируют поведение людей, потерявших равновесие, совершенствуют несовершенное поведение и поддерживают его равновесие. Эта наука полезна и для здоровья тела, потому что, когда тело болеет, болеет и душа, а когда тело угнетается, угнетается и душа. Поэтому тело лечится исцелением души воздействием звуков, а душа лечится регулированием своих сил и приспособлением к своей субстанции».

Фароби психологически и эстетически обосновал тот факт, что музыкальные произведения тесно связаны с психикой и духовностью человеческого тела. Идея о том, что музыка совершенствует человеческое поведение, является великой новацией в истории музыкально-эстетической мысли, в которой особое внимание уделяется воспитательному и духовному значению музыки [3. 16 б.].

Желательно углубленное овладение нравственными нормами, характерными для данного общества в ходе образовательного процесса. Музыкальное образование имеет в этом отношении большой потенциал.

Доктор исторических наук Ходжаакбар Хамидов говорит о пении следующее: «Пение является важной частью социально-экономической и идеологической жизни узбеков,... (оно) удовлетворяет не только духовные потребности народа, но и взгляды людей на существующий общественный строй, ...государственные структуры, тяготы жизни также выражались в них. В то же время песни были и повседневным образом жизни людей.

Песни также приобрели репутацию средства объединения людей. Они стали необходимой частью свадеб, больших церемоний, публичных выборов и праздников. В них люди повышали свою социальную ценность как силу, способную произвести глубокие изменения в их психическом состоянии» [2. 79 б.].

Великий ученый Абдурахман Джамии подчеркивает, что многообразие музыки является выражением духовных потребностей человека, а во-вторых, через эстетическое наслаждение и присутствие человек, в свою очередь, становится духовно совершенным. На примере музыки Джамии признается, что «Удовольствие для души приходит от понимания и знания чего-либо. Если что-то быстро воспринимается умом и заставляет его задуматься и глубоко задуматься, то это считается самым вкусным [2. 26 б.].

Методы. Призывы, советы и наставления, содержащиеся в мыслях и мелодиях, данных в народной музыке и песнях, являются продуктом его жизненных выводов, перепроверенных и отшлифованных в результате его векового опыта. Каждое слово, сказанное народом, является «пулей» и естественно, что человек, не слушающий его, будет страдать в жизни.

Музыкальное образование играет особую роль в умении учащихся найти свое место в классе, школьном коллективе, семье, соседстве в период обучения в общеобразовательной школе. Уроки музыки на основе содержания, внеклассные мероприятия и общая музыкальная среда также являются важными ресурсами для укрепления морального духа учащихся.

Знания, талант, энтузиазм, пропаганда, доброта и советы учителя играют ведущую роль в превращении уроков музыки в настоящий образовательный инструмент.

Великая сила искусства музыки в том, что она может проникнуть во внутренний мир ученика и пробудить его эмоции. Психологи высказывают, что музыка может проникать в самый большой, самый тонкий слой нейронных сетей в полушариях человеческого мозга, на который нельзя воздействовать никакими другими средствами. В этих слоях хранятся огромные резервы сил человека, и хорошая музыка может активизировать эти умственные силы и эмоциональные резервы [3.-813 б.].

Результаты. Музыкальное искусство обладает собственной силой, которой нет ни у какого другого предмета или формы искусства. В запас «оружия», способного оказать сильное влияние на человека, уникальные профессиональные характеристики музыкального искусства, в «арсенал» инструментов входят тембр (цвет), высокие и низкие звуки, разнообразие ритма (метод), гармонические структуры, разнообразие в строении интервалов и аккордов, динамический тембр и т. д. являются ни с чем не сравнимым средством воздействия, которое волнует человека и творит чудеса в мире его чувств.

Несравненную роль в становлении и развитии личности школьника играет музыка, особенно народные песни, которые создаются из череды человеческих душевных переживаний, радостей, печалей, мечтаний и надежд.

Народные песни – это вид искусства, который из поколения в поколение укоренялся в крови узбекского народа, и именно поэтому человек, слушающий народные мелодии, причитания и другие национальные украшения, не может быть равнодушным к ней, он непосредственно следует ей. Он поет и подтанцовывает, то есть музыка переносит его в свой волшебный мир.

Дискуссия. На уроках «Музыкальной культуры» в общеобразовательных школах, для закрепления музыкальных знаний и умений упоминается автор произведения, его письменные произведения, но большая часть данных знаний не прочно усваивается детьми. В свою очередь, неполное усвоение знаний влияет на воспитательный процесс.

Мы провели исследование в двух классах по темам, распределенным по кварталам. В качестве экспериментальных мы взяли 7-й «а» и 7-й «б» классы. В 7 "а" классе мы объясняли заданные темы по четвертям и вели сплошной урок, а в 7 "б" классе давали углубленные знания по тем же темам, то есть учащиеся разделились на группы, и учитель задавал вопросы по теме. Ученики, разделенные на группы, самостоятельно высказывали свое мнение, выбирался правильный ответ и поощрялась группа-победитель. По окончании четверти, данных знаний давались ответы на вопросы тестового контроля, контроля письменных работ, ритмических диктантов, способов выполнения и сдавались с обоих занятий в виде экзамена. Полученные результаты показали, что по следующему показателю.

Высокий уровень. Знает музыкальные инструменты, песни и былины, которые определяют восприятие и наслаждение красотой через музыкальное образование.

Учащиеся **среднего уровня**, которые имеют некоторое представление о вышеуказанных темах, но не имеют полного их понимания.

Низкий уровень. Ученики практически без знаний о музыкальном образовании.

Для определения уровня ответов на вопросы анкеты определяли ответы учащихся экспериментального и контрольного классов на основании следующей таблицы.

Таблица 1

№	Направление классов	Кол-во учеников	Уровень ответов	Ответы на вопросы (анкеты)							
				1	2	3	4	5	6	7	8
1	Экспериментальный класс	26	Высокий	20	20	18	19	19	18	20	19
			Средний	3	4	6	5	5	5	4	4
			Низкий	3	2	2	2	2	3	2	3
			Итого	26	26	26	26	26	26	26	26
2	Контрольный класс	26	Высокий	12	14	14	12	12	13	14	14
			Средний	8	5	4	5	6	4	4	5
			Низкий	6	7	8	9	8	9	8	7
			Итого	26	26	26	26	26	26	26	26

Как видно из этой таблицы, знания, понимание и умения учащихся экспериментального класса, с которым мы работали, намного выше, чем в контрольном классе.

В частности, когда мы сравниваем учеников ответивших одного с другим, отчетливо видна разница между двумя классами учащихся.

В ходе урока хорошо концентрировать внимание учащихся на определенной теме и использовать разные формы и стили.

Таблица 2

№	Направление классов	Кол-во учеников	Уровень ответов	Ответы на вопросы (анкеты)							
				1	2	3	4	5	1	7	8
1	Экспериментальный класс	26	Высокий	20	20	18	19	19	18	20	19
2	Контрольный класс	26	Высокий	12	14	14	12	12	13	14	14
3	Разница	26	Высокий	8	6	4	7	7	5	6	5

Количество правильно ответивших в экспериментальном классе колебалось от 18 до 20 по сравнению с 12-15 в контрольном классе. В результате сравнения было установлено, что количество отличников в экспериментальном классе колебалось от 4 до 8. Исходя из этого, наша научно-исследовательская работа была более продуктивной, чем контрольный класс.

В ходе уроков хорошо воспитывать учащихся, сосредоточивая их мысли на определенной теме и используя разные формы и методы.

В конце исследования, когда ученикам экспериментальной группы были предложены контрольные вопросы, мы увидели, что их мировоззрение, сознание музыкального искусства, нравственные качества в человеке изменились в положительную сторону. Исходя из методики специального занятия и его содержания, навыков использования современных песен, исполнительской манеры и умений учащихся, принимавших участие в экспериментальной работе, а также зафиксированных ими в экспериментальном процессе показателей, обосновывающих уровень выявлен рост их нравственно-эстетического воспитания с использованием новых педагогических технологий.

На основании результатов наших наблюдений и анализа данных из научных источников мы пришли к следующим выводам:

- Соблюдение правил искусства группового пения в ходе занятий урока музыки хорошо влияет на формирование нравственно-эстетического воспитания учащихся.

- В процессе уроков музыки регулярное развитие таких понятий, как музыкальное обучение, музыкальное восприятие и музыкальное мышление, положительно поможет учащимся улучшить их способность выразительно петь современные песни.

- Благодаря применению инновационных технологий в образовательном процессе у студентов появилась возможность развить навыки чистого и выразительного исполнения современных мелодий и песен.

- Подтверждено, что с помощью эффективных методов развития пения можно добиться повышения активности учащихся по умелому исполнению современных детских песен.

Заключение. Современное молодое поколение, наряду с многозначительными песнями о Родине, школе, независимости, Узбекистане, хочет и стремится исполнять современные произведения, выражающие тонкие чувства человеческого сердца, внутренние переживания, дружбу, стремление к прекрасному, реакцию на реальность.

Мы, учителя, должны учить детей петь такие песни, которые затрагивают духовность, культуру и язык ребенка.

Видно, что песни – это не только мир эстетической привлекательности, но и огромный воспитательный инструмент. Потому что в основе человеческих эмоций лежат духовно-нравственные понятия, чувства и умозаключения.

Список литературы:

1. Mirziyoev Sh.M. *Adabiyot va san'atga, madaniyatga e'tibor-xalqimiz ma'naviy olamini yuksaltirish poydevoridir.* - T.: "O'zbekiston". 2017.
2. Matyakubov O. *O'zbek klassik musiqasi. 1-2-kitoblar.* - T.: "Yangi asr avlodi". 2015.
3. Nazarov A. *Farobiy va ibn Sino musiqiy ritmika xususida (mumtoz iyqo' nazariyasi).* - T., 1995.
4. D.Q. Qodirov. «An'anaviy qo'shiqchilik». Toshkent. «Iqtisod-moliya» nashriyoti. 2008 yil.
5. Askarova, S. "DEFECTS IN THE VOICE OF PUPILS AND WAYS TO ELIMINATE IT." *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal* 10.11 (2022): 418-420.
6. S. N Anvaronva. *Developing the Intellectual Power of Preschool Children Through Developing Technologies //Eurasian Research Bulletin.* – 2022. – T. 7. – C. 30-33.
7. Sultonova Nurkhon Anvarovna, "Issues of Education during the Oriental Renaissance." *International journal of inclusive and sustainable education* 1.5 (2022): 301-305.
8. <https://www.geniusjournals.org/index.php/erb/article/view/1012>

ІІІ БӨЛІМ. СӘНДІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

РАЗДЕЛ ІІІ. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

ӘОЖ 7.048.38
ҒТАМР 14.09.95

¹М.М. Байтас, ²Д.С. Болысбаев, ³М.Ж. Тәңірберген

¹М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, ғылым магистрі,
Шымкент, Қазақстан, e-mail: maira_240994@mail.ru

²М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
Педагогика ғылыми докторы, e-mail: daulet.bolisbaev.74@mail.ru

³М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Педагогика ғылыми докторы, профессор, Шымкент, Қазақстан. e-mail: Deu-me@mail.ru

ОЮДЫ СТИЛДЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІЛЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамда мәдени мұраны сақтауға ерекше көңіл бөлінуіне байланысты қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, білімі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық киімі танымдық тұрғыдан енгізілуде. Қоғамда отан сүйгіштік сезімін қалыптастырп, халқымыздың тарихи тамырымен таныстыру болып табылады. Қазақтың ұлттық киімінің шығу тарихы зеделеу бүгінгі ұрпақтың ата-бабаларынан қалған мәдени мұраға деген терең қызығушылықты тудырады. Тиімділікті арттыру үшін ұлттық киімді жан-жақты зерттеп қана қоймай, қоғамда сонымен қатар өз қолыңмен қазақша киім тігуді, қазақ киімін орындаудың түрлі әдістерін пайдаланып киім тігуді үйрету қажет. Өкінішке орай, қазіргі таңда Қазақстанда ұлттық ою-өрнек жасаудың көне құпияларын меңгерген шеберлер жоқтың қасы. Бүгінде халқымыздың өнерін сақтау мәселесі өте өзекті. Сәндік-қолданбалы оның ішінде ою-өрнектердің өнерде қолданылатын бай дәстүрлер жойылып барады.

Түйін сөздер: ұлттық киім, заманауи стиль, ұлттық нақыш, ою-өрнек, дәстүр, талғам, бешбет, шапан, кәжекей, костюм

¹М.М. Байтас, ²Д.С. Болысбаев, ³М.Ж. Танирберген

¹Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, магистр наук, Шымкент,
Казахстан e-mail: maira_240994@mail.ru

²Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан.
Доктор педагогических наук, e-mail: daulet.bolisbaev.74@mail.ru

³Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан.
Доктор педагогических наук, профессор, e-mail: Deu-me@mail.ru

СОВРЕМЕННЫЕ МОДЕЛИ СТИЛИЗАЦИИ ОРНАМЕНТА

Аннотация

В связи с уделением особого внимания сохранению культурного наследия в современном обществе история, культура, традиции, образование, образ жизни, национальная одежда казахского народа знакомятся с воспитательной точки зрения. Это создание чувства патриотизма в обществе и знакомство с историческими корнями нашего народа. Изучение истории происхождения казахского национального костюма вызывает глубокий интерес к культурному

наследию, оставленному предками нынешнему поколению. Для повышения эффективности необходимо не только всесторонне изучать национальную одежду, но и учить общество шить казахскую одежду своими руками, используя разные способы изготовления казахской одежды. К сожалению, в настоящее время в Казахстане почти нет мастеров, владеющих древними секретами изготовления национальных орнаментов. Сегодня очень актуален вопрос сохранения искусства нашего народа. Исчезают богатые традиции декоративно-прикладного искусства, в том числе орнамента.

Ключевые слова: национальная одежда, современный стиль, национальный орнамент, традиция, вкус, бешбет, накидка, кажекей, костюм

¹M.M. Baitas, ²D.C. Bolysbaev, ³M.Zh. Tanirbergenov

¹M.Auezov South Kazakhstan University, Master of Science,
Shymkent, Kazakhstan e-mail: maira_240994@mail.ru

²M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. Doctor of Pedagogical Sciences,
e-mail: daulet.bolisbaev.74@mail.ru

³M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. Doctor of Pedagogical Sciences,
Professor, e-mail: Deu-me@mail.ru

MODERN MODELS STYLING ORNAMENTS

Abstract

In connection with paying particular attention to the preservation of cultural heritage in modern society, the history, culture, traditions, education, lifestyle, and national dress of the Kazakh people are introduced from an educational point of view. This is the creation of a sense of patriotism in society and acquaintance with the historical roots of our people. The study of the history of the origin of the Kazakh national costume arouses deep interest in the cultural heritage left by the ancestors to the current generation. To increase efficiency, it is necessary not only to study national clothes comprehensively but also to teach society to sew Kazakh clothes with their own hands, using different ways of making Kazakh clothes. Unfortunately, currently, there are almost no masters in Kazakhstan who possess the ancient secrets of making national ornaments. Today, the issue of preserving the art of our people is very relevant. The rich decorative and applied art traditions, including ornament, are disappearing.

Keywords: national dress, modern style, national ornament, tradition, taste, beshbet, cape, kazhekey, costume

Кіріспе. Алғашқы ел басшымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, жөндеуіміз керек» деп бағытымызды айқындап берген болатын. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп емес пе?! [1].

Өткен онжылдықпен салыстырғанда елімізде ұлттық киімге деген сұраныс арта түсті. Қазір дизайнерлердің әдемі сән үлгісі де қазақы нақышта жасалып жүр. Бұл деген өте жақсы үрдіс, адамдар өз ұлтының, мәдениетін жаңғырта бастағаны. Мерейтойларға зерлеп тіккен камзол, кәжекей, бешпет, шапандар сыйға тарту да сәнге айналды. Негізінде ерлерге арналған шапан мен әйелдерге арналған камзолдың әр қайсысының өрнегі әртүрлі болып келеді. Ұлттық киімде еліміздің батыс өңірлердің оюлары ірілеу. Ал оңтүстік жұртшылығы ұсақ гүлдесте сықылды өрнектелген ұлттық нақыштағы киімдерді кигенді жақсы көреді [2].

Негізгі бөлім. Қазақ ұлттық киімін киюде бүгінде қарама-қайшылықтар басымырақ. Ұлттық киім тек сирек жағдайларда яғни, тойда, мерекелерде немесе белгілі бір ұлттық салт-дәстүрлерді жүзеге асыру үшін киіліп жүр. Осы қарама-қайшылық біздің зерттеуіміздің негізгі проблемасы.

Қазақ ұлттық киімін қазіргі заманға сай етіп, ұлттық нақыштағы заманауи киім жасап, оны күнделікті тұрмысқа енгізуді қалыптастыру негізгі талап болып табылады [3]. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізу басты мәселе болып саналады [4].

Кілем тоқу өнерінде қолданылып жүрген 200 ге жуық ою-өрнектің бүгінде 50-і ғана қолданылып жүр. Сондықтан қазіргі таңда қазақ халқының көркемдік мұрасын заман талабына сай жаңғыртып, зерделеу және оны кеңінен насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Дегенмен, ұлттық ою-өрнегімізді зерттеу қазіргі уақытта да жалғасуда. Оюлардың бояу түсінің де өз сыры болады. Ою композициясына сай көк – аспан түсі; ақ шындық символы; сары – даналық, адамгершілік, мұң белгісі; жасыл – жастық пен көктемнің белгісі болып келеді. Ою-өрнектерді салған кезде түстердің бір-біріне үйлесім табуы жіті қадағаланады. Оюлар симметрия заңымен қатар, бір немесе бірнеше элементтің қайталану ритмін сақтауы мүмкін. Мысалы, «қошқар мүйіз» элементінен қошқар мүйізінің бірнеше рет қайталанғанын көруге болады [5].

Әр өрнекті түрлерінің қолданылатын жері болады. Мәселен, төсеніште қолданылатын оюлар бас киімдерде қолданылмайды. Себебі, онда тек зооморфтық кескіндер «қошқармүйіз», «қосмүйіз», «арқармүйіз», «сыңармүйіз», «қырымүйіз» пайдаланылады. Осы оюларды үй жиһаздарында, ертұрманда кеңінен пайдалануға болады. «Ит құйрық» деп аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған, себебі мұның астарында «дұшпаның кеуденнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Ол өрнек «дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген екен. Бұрындары үйге келген қонақ алаша мен кілем, текемет пен сырмақ оюларына қарап, сол отбасының қай рудан шыққандығын сұрамай-ақ біледі екен. Әрбір елде, әрбір руда есімі мәшһүр оюшылар өз өнерінің керемет туындыларын таратып отырған. Өнер зерттеушісі Сейсен Мұхтарұлы "Оюды оқуға бола ма?" атты мақаласында: "Дулаттың "бүтін ай", Жалайырдың "тарақ", Қоңыраттың "босаға", Қыпшақтың "қос әліп", Найман руының бір шақасы Бағаналының "үш айрық алау" таңбасы ретінде суреттеледі" дейді. Үшбұрыш ішінде бейнеленген «қошқармүйіз» оюы жанға жылу, қуат беретін от ұғымын, молшылық пен байлықты білдіреді. Ал ромб тектес ою ер мен әйелдің қарым-қатынасын білдіреді. «Шеңбер» оюы өмір жолын ұғындырса, «аққу қанаты» өрнегі бақыттың, сұлулықтың, тазалықты, адалдықты насихаттайды. Алыс жолға шыққан жолаушының киіміне негізінен «түйетабан», «түйе-мойын», «ботакөз» сияқты оюларын салған. Ал «Су», «ирек», «арық», «тасқын», «тоғыз төбе», «арпа гүл» өрнектері тоқшылық пен молшылықтың нышаны ретінде қолданылған [6].

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін киімге қолдану жолдары әр түрлі. Халқымыздың ұлттық ою-өрнектері киімдерге кестелеп тігу және жапсырма әдістері арқылы жапсырылады. Бүгінгі таңда төрт түрі қолданылады: жапсырма, кесте, тығыз кесте және ричель. Киімге жапсырма жапсыру оның тартымдылығын ашып, сәнді етеді. Бұл әшекейлеу тәсілі қазақ халқына ерте заманнан белгілі. «Жылтырағанды үстіне жапсырып» деген сөз әр үйде естілетіні анық. Бұл мәтел сәнге еретін адамдарға айтылған. Бұл көркемдеу әдісі көне заманнан бері сәнге қойылатын негізгі талаптардың бірі болғанын және солай болып қала беретінін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Жапсырманы қолданбас бұрын, қандай киімді және оны қайда жапсыру керектігін білу керек. Жапсырма тойларда, кештерде және мерекелік кештерде әдемілік пен бақыт сыйлау үшін киілетін салтанатты киімдерге жапсырылады. Үйде күнде киетін киіміңізде жапсырманы көмкерудің қажеті жоқ. Өйткені, жапсырма қымбат және оған қымбат маталар мен жіптер пайдаланылады, оның қолдана білу де үлкен шеберлікті қажет етеді. Сондықтан жапсырма мерекелік киім үшін қолданылады.

Жапсырманың киімнің көрінетін бөліктеріне жабыстырылуы табиғи нәрсе. Осыған байланысты жапсырма төстің үстіңгі бөлігіне, кеудеге, кеуденің алдыңғы жағына, жеңге, етегіне, иығына және артықы арқа тұсына сәйкесінше қолданылады. Қалай болғанда да, ол бірден жарқырап, назар аударуы керек. Негізінен, жапсырма жапсырылатын мата қандай болуы керек екенін білу керек. Жапсырма үшін тек қымбат, жылтыр, жарқыраған алтын немесе күміс маталар қолданылады. Көбінесе алтын немесе күміс жіптер таңдалады. Содан кейін жапсырманың

пішіні туралы мұқият ойлану керек. Көбінесе бұл дизайнердің немесе тігіншінің қиялына және ақыл-ой қабілетіне байланысты. Сондықтан ол тек келесі формада болады деп айту қиын. Әрине, сіз елестете алатындай көптеген әртүрлі белгілер бар. Бірақ олардың әрқайсысы талғампаз болуы керек. Айта кету керек, кейбір жапсырмалар, ыңғайсыз үлкен немесе тым көп болса да, киімді бұзуы мүмкін. Сондықтан оны қалыпты мөлшерде пайдалану керек.

Дәстүрлі ұлттық киімдердегі жапсырма үлгілері негізінен өсімдік текті болды. Сән әлемінің талабына сай жапсырмаларда өсімдік, гүл шоқтары сияқты өрнектер жиі қолданылады. Жапсырмалар ретінде суретші раушан гүлдерін, қалампырларды және басқаларды, кейде олардың сабақтарымен немесе өсімдіктің бір бөлігімен - жапырақ немесе бүршігін пайдаланады. Жапсырмада жұлдыздар, шоқжұлдыздар, ай, күн немесе құс жолы түрінде де жасауға болады. Тотықұс күйрығына, қырғауылдың қауырсынына және бұғы пішініне арналған көптеген жапсырмалар бар. Сіз елестете алатындай көптеген жапсырмалар жасай аласыз [7].

Жапсырма техникасының үш түрі бар. Біріншісі жапсырма матаның келесі қабатына сәл жоғары қою арқылы жасалады. Алдымен жапсырма ретінде қолданылатын жылтыр матаны арнайы жұқа жабысқақ шүберекпен жабыстырылады. Содан кейін оған бормен немесе басқа маркермен сурет немесе бейне салынады. Содан кейін ол жапсырманы машинамен тігеді. Бұл тігілген үлгі жылтыр матадан кесілуі қажет. Енді суреттің шеттері ирек тігіспен тығыз тігіледі. Ол үшін матаны кергішпен созып қояды. Үлгі толығымен жапсырылғаннан кейін үтіктелсе, ол біркелкілеу болып, тегіс болады деп ойлаймын. Жапсырманың екінші нұсқасында процедура сәл өзгереді. Біріншіден, өрнектің өзі алтын немесе күміс түстен кесіледі. Содан кейін ол негізгі матаға тығыз етіп, бірақ ара тістері сияқты өте ұсақ тігістермен тігіледі. Егер жапсырманы көбірек бедерлеу қажет болса, басып шығару және өңдеу қиын емес. Жапсырманың шеттері жұқа алтын немесе күміс таспамен безендіріледі.

Таңбалаудың үшінші техникалық түрі әрдайым болмаса да, кейбір киімдерде кездеседі. Бұл желім көмегімен жапсыру тәсілі. Жапсырманың астына жұқа полиэтилен түріндегі арнайы пленка қойылады, ол матамен бірге шаблонға сәйкес кесіледі. Содан кейін ол үтік көмегімен қызады және негізгі матаға жабыстырылады. Қыздыруға үшін үтік немесе престеу құрылғысы қолданылады.

Қазақтың ұлттық киімдерін безендіретін өрнектердің бір түрі ол - геометриялық өрнектер. Қазақ ою-өрнек өнерінде тік, қисық, доғалы, ирек сызықтар да киімге кестеленіп, өмірдің күйбең және белсенді күйін бейнелейді. Мұндай өрнектер киімнің көрінетін бөлігінде орналастырылған. Жануарлардың немесе аспанның күрделі өрнектерінің екі жиегін жабу үшін жіксіз толқынды өрнектер пайдаланылды. Қазақтың ұлттық киімдерін безендіру үшін келесі бер өсімдік тектес ою-өрнектер қолданылады. Киімде қолданылатын өсімдік өрнектері екі топқа бөлінеді. Олар бастапқы және қосалқы түрлерде болады.

Сәндік өсімдік текті өрнектердің негізгі тобына ағаштар, алма ағаш гүлі, шырмауық, қызғалдақ, бадам ағаштары мен гүлдері жатады. Мұндай өрнектер әйелдер мен ерлердің киімдерінде кеңінен қолданылады. Гравюраның бұл түрі көптеген түрлі қиалды шабыттандырды. Бұлай безендіру киімге ерекше көрініс береді. Маңдай өрнектерді, басып сондай ақ әрі тығыз кестелейді. Кейде жапсырма әдісі пайдаланылады. Заманауи сәннің ерекшелігі екі немесе тіпті үш әдіс түрін бір уақытта қолдануға болады. Өсімдіктер тобына жататын жанама түрлер көбінесе киімдерді безендіру үшін қолданылады. Жанама түрлер – өсімдіктің тұтас емес, бір бөлігін ғана пайдалану. Мысалы, жапырақ тәріздес өрнектерді киімнің бүйірлері мен жеңдерінде жиі кездеседі. Жапырақ, гүл, жапырақ, түйе жапырағы, үш жапырақ, бес жапырақ және күл сияқты өрнектер Симбат сән академиясының киімдерінде жиі кездеседі. Қазақтың ұлттық киімдеріндегі ою-өрнектердің құрылымы мен түс үйлесімділігі өз бпбында болуы шарт. Әрине, киімнің кез-келген жерінде кесте немесе жапсырма болмауы керек, барлығы өз орнында, жоғары деңгейде пайдаланылуы керек.

Өрнектің өлшемі мен түсі киімнің жалпы түсіне, өлшеміне және салмағына сәйкес келуі керек. Жапсырманың гүл тәрізді формалары әдетте сол жақ кеудеге жабыстырылады. Көйлектердің етегіне түрлі кестелер мен өрімдер тігіледі.

Киімді өндеуден бұрын оның нақты орнын анықтау керек. Бәрі өз орнында болғанда ғана тартымды болатыны анық. Ою-өрнек – ғасырлар бойы дамып келе жатқан көне өнер. Қолданбалы өнерде ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналас-тырылады.

